

ӘОЖ 94(574)

АЙНУ ЖАЗУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Досова Аружан

aruzhan.doss@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің халықаралық қатынастар факультетінің Шығыстану кафедрасының студенті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – т.ғ.к., доцент К.М.Ильясова

Айну халқының жазуына қатысты ғалымдар көптеген гипотезаларды атап кеткен. Егер кейбіреулері халықта жазу болмаған деп айтса, басқалары петроглифтер мен табылған ескерткіштерді олардың жазу техникасына жатқызады. Ең алдымен айнуодзи жазуын қарастырайық. Хоккайдо жазуы (Hokkaido Itai Moji) – Хоккайдо аралында 1886 жылы (Мэйдзи кезеңінде) табылған жазудың бір түрі. Оны кейде ануодзи деп те атайды. Токио антропологиялық қоғамының (東京人類学会) мүшесі Хейкичи Седзи (莊司平吉) Хоккайдоның айну артефактілерінің алуан түрін, соның ішінде әр түрлі таңбалар жазылған көне заттарды тапқан. Олардың ішіне қабық пен әртүрлі айналар кірген.

1886 жылы 9 қыркүйекте Аомори префектурасындағы жергілікті Minoku Shimpo (陸奥新), Ounichi Nichishimbun (奥羽) журналарында бұл артефактілер жарияланды. Кейін Эмо республикасының президенті Эномото Такеаки жазулар солтүстік-шығыс Жапонияда өмір сүрген эмиси тайпасына жатады деп болжам жасаған. 1886 жылдың желтоқсан айында Хейкичи Седзи Токионың антропологиялық 25-ші жиналысында үстінде жазулары бар терілерді, тастарды және васи қағазын (жапондық қағаз) көрсетті. Келесі жылы, 1888 жылы Жапонияның ғалымы Наосуми Очияй «Ежелгі жапон хаттары» атты кітапты басып

шығарды. Бұл кітапта ол Хоккайдо аралдарында өмір сүрген эмиси тайпаның бұл жазуды қолданғаны туралы жазған. Оның айтуы бойынша халықта алфавит немесе кандзи мүлдем болған жоқ. Жазу 14 таңбадан және оның ішінде 50 таңбаға бөлінетін руналардан тұрған. Алайда ғалым олардың қалай оқылатынын білмегендіктен оларды толығымен зерттей алмады. Төменде Хоккайдо жазуларына қатысты жұмыстар хронологиясы көрсетілген :

- 1886 ж. тамызында - Содзи Хоккайдодан Соя жеріне дейін табылған 6 тасты зерттейді.
- 1886 ж. қыркүйекте - Такеаки Эномото «Рикуоку Шинпо» және «Окуха Нихон Симбунда» салынған антиквариатты кейіпкерлерге зерттеу жұмыстары өткізді.
- Сол жылдың желтоқсанында – Токиода өткен 25-ші антропологиялық жиналысында Хоккайдо жазулары бар көрмені өткізіп , оны Сегоро Цубой ғалымға берді.
- 1887 ж. Ақпанда - Цубой «Хоккайдода тұратын Коробуккуру» еңбегін жазады
- Сол жылы - Содзи Иуанай ауданында жаңа 2 тастарды аударды.
- Сол жылдың тамызында - Цубой «Хоккайдоның аймақтарындағы антиквариаттың жазулары» атты еңбегін шығарады
- Сол жылдың қазан айы - Содзи «Айну және Хоккайдоның ежелгі жазулары»
- 1888 жылдың сәуірінде - Наосуми Очиай Хоккайдо жазуларын зерттеу үшін Таку Оге барады.
- Сол жылдың мамыр айы - Очиай «Ежелгі жапондық жазулар» еңбегін жазады.

1975 жылы (Сева кезеңінің 50 жылында), Киэхико Аго «Жапон Джиндай Модзи» кітабын жазады. Сол кітапта Аго «айномодзи» жазбаларын «Темиякодзиге» ұқсас болуы мүмкін деген болжам жасайды. Онымен қоса, бұл жазбаларды ол Фугоппе үңгірінде табылған мүсінмен байланыстырады. Сонымен қатар, Есинори Такахаси төрағалық ететін Жапония экспедициялық қауымдастық модзи джандай, оның ішінде Хоккайдо жазулары мен Хоккайдоның ежелгі өркениет пен Шумер мен Ассирияның ежелгі Месопотамия өркениеттерімен арасындағы қарым-қатынасы бар деп жаңа идея ұсынады. Оған қоса, ол Фугоппе үңгірінде табылған кейбір мүсіндерде Хоккайдо жазулары барын айтады.

Темия жазулары

Бұл теория бойынша 1866 жылы Темия үңгірінде табылған жартастағы суреттер мен жазулар Хоккайдо аралында тұратын адамдарға тән. Белгілі Отару оюлары біздің дәуірімізге дейінгі 3 ғасырдан бастап біздің заманымыздың 7 ғасырына дейін Сатсумон мәдениетімен ауыстырылған аймақта болған дземон мәдениетінің жәдігерлері. Олар 1921 жылы Ұлттық тарихи мұра болып атанды. 1878 жылы Кайтакушидің хатшысы Эномото Такеакидің зерттеулерінен, Яманочи Тэйун мен британдық геолог Джон Милннің зерттеулерінен соң бұл жазбалар мен суреттер халыққа жарияланды. 1913 жылы қазанда жапондық археолог Торий Рюзо тарихқа байланысты 22-ші конференциясында(歴史地理) «Темия хаттары туралы» (北海道手宮の彫刻文字に就て) мақаласын шығарды. Оның теориясы бойынша сөздер түрік алфавитінде , тунгус тілін білдіретін мохе халқы қолданған жазулар. Сонымен қатар, 1918 жылдың ақпанында лингвист Наканоме Акира Shako (尚古) журналының 71-нөмірінде «Жапонияда сақталған ежелгі түркі хаттары» (我国に保存せられる古代文字) еңбегін жариялады.

Екінші жағынан, 1944 жылы тарихшы Фумихиро Асаэда «Отарудың ежелгі хаттары» (小樽古代文,) еңбегінде жаңа теорияны ұсынды. Теория бойынша Темия үңгірінде табылған жазулар ежелгі қытай ханзи әріптеріне қатты ұқсайды. Оларды Чжоу әулетінен шыққан сарайдың адамдары жазған. Сол жерге экспедицияға барған әскер, халықты басқарған императордың(帝) қайтыс болып, жерлеу рәсімін көргендігі туралы жазылған. Белгілі қайғы болса, Чжоу династиясы қанды рәсімды жасаған. Теорияға қоса, ол Шаньдан, содан кейін Чжоу Қытайдан Хоккайдодан рәсімдерге керек мүйіздерді кемелермен алып келетін. 1972 жылы Асаэда тағы бір еңбегін жариялады. Еңбегінде ол, сол типке сәйкес белгілері бар тағы үш артефактілерді атап көрсетті. Оның сөзі бойынша, артефактілерді марқұмдарды жерлегенде арнайы рәсімде қолданған.

Фугоппе жартастарының суреттері

1927 жылдың қазан айында теміржолды төсейтін теміржолшы Йойчи қаласындағы Фугоппедегі таудың етектерінде қашалған суреттерді тапты. Отару сауда колледжінің профессоры Нишида Шозо (小樽高等的業) табылған суреттерді «ежелгі Темия иероглифтерімен» теңестіріп, оларға «Фугоппенің ежелгі кейіпкерлері» деген ат беріп, оларды Цусима рәміздері мен көне түркі алфавитімен байланыстырды. Осыған қарамастан, айну халқының этникалық зерттеушісі Хокуто Ибоши «деформацияланған әріптер» бұдан кейін жалған болғандығын айтты. Оның сөзінше, олар Темия үңгірінде табылған суреттерден кебу процессімен ерекшеленді. Тацуо Сома бұл суреттер Темия үңгірінде табылған солтүстік-шығыс Хонсю аралынан қуғынға ұшыраған адамдар салды деп болжамдады. Сол қалада 1950 жылы Фугоппе үңгірінде тасқа қашалынған суреттер табылды. Олар Темия үңгірі сияқты Джомон дәуіріне сәйкес реликвия болғандығын растап, 1953 жылы олар ұлттық қазына дәрежесіне өтті. Бұл суреттерді, Темия үңгіріндегідей, кейде «ежелгі кейіпкерлер» деп атайды.

Алайда А.Ю. Акуловтың айтуы бойынша, бұл петроглифтерді жазу түріне жатқызуға болмайды. Өз кезегінде петроглифтерді мен жазуды айыру үшін ол жаңа метод ойлап тапты. Бұл әдіс 2 бас талаптардан тұрады:

1. Тәртіптілік

Жазу болып табылатын таңбалардың жиынтығы белгілі бір жолмен классификациялау қажет. Себебі әрбір жазу уақыт ішіндегі сөйлеу процесін көрсетеді;

2. Ритмикалық емес қайталанушылық

кез-келген тілде шектеулі фонемалар, буындар және морфемалар болады. Сол себептен, графемалардың жиынтығы өте көп болып, әрқашан да қайталанатын;

Ою-өрнек сияқты белгілердің жиынтығы жазу ретінде оңтайландырылғандытан ритмикалық емес критерийдің бұл жердегі рөлі аса маңызды. Бұл әдісті ол Темия жазуларына келістіріп, жазуға жатпайтының дәлелдеді. Графикалық белгілер реттелген жиынтықты құрмай, жазбаша тіл болып саналмайды, өйткені жоғарыда айтылғандай, теріс жауап шығу үшін талаптардың біреуі орындалмауы тиіс.

Тура сондай критерийлерге байланысты петроглифтер туралы жазған Ю.В.Кронзовтың еңбегі де жазуға жатпайды.

Сонымен біз әртүрлі ғалымдардың гипотезаларын, теорияларын талқылап өттік. Біреулері петроглифтерді мен суреттерді айну жазуларына жатқызса, басқалары оны жазу деп мойындамайды. Сонда айнуларда жазу болды ма деген сұрақ қазіргі күнге де талқыланып жатыр. Бір жақтан айнулықтар балық аулаумен және аңшылықпен айналысқандықтан оларға жазудың керегі болған жоқ. Себебі, әдетте жазу мемлекеттен бақа мемлекетке жаңалықтарды жеткізу немесе ұрпақтарға тарихты, аңыздарды қалдыру үшін қолданылады. Айну тайпасында мемлекет болған жоқ, яғни жазудың керек емес теориясы келеді. Онымен қоса біз дзэмон дәуірінде айну мемлекеті болғандығын біле алмаймыз. Екінші жақтан айнулар белгілі себептерден өз тілін жоғалтты деген теорияны атауға болады. Біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдықтың ортасында алтай тілдес этникалық топтар Корей түбегінен Кюсю мен Оңтүстік Хонсюға қоныс аудара бастайтыны белгілі. Жапон этносының негізін қалап, олар біздің дәуіріміздің бірінші мыңжылдығының ортасында Ямато мемлекетін құрған. Алтай тілінде сөйлейтін мигранттар қатты пассионарлықты танытқандықтан сол кездегі жапон аралдарында өмір сүрген мәдениеттерді қиыншылықсыз ығыстырып отырды. Алтай тілдес мигранттар ежелгі айну мен австронезияға қарағанда материалдық мәдени жағынан тез әрі күшті дамығандықтан, оларға қарсы тұру өте қиын болды.

Тарихта көптеген халықтар өз жазба тілдерін түрлі әлеуметтік апаттардың салдарынан жоғалтқан. Мысалы мексикалық майя үнділері, біздің заманымызға жетсе де, испандық отарлау кезінде өздерінің жазба дәстүрін жоғалтқан. Пасха аралының жазулары аралда алғашқы еуропалықтар пайда болғанға дейін, көптеген этносаралық соғыстар нәтижесінде жоғалып кетті.

Графикалық жәдігерлер туралы айтатын болсақ, икуниси және меншік белгілеріндегі оюлар сияқты қазбалар айнудың ежелгі жазбаларына мүлдем қатысты болмауы мүмкін. Айну белгілерінің негізгі элементтері - крест, V пішінді таңбалар, екі параллельді сызықтар - тек қана ағаш таяқшаға оңай кесілетін элементтер. Икунисіндегі кескіндерге келетін болсақ, біз мұнда, пиктографиямен емес, бейнелеу образдарымен жұмыс жасаймыз; сондықтан Акулов икунисті айнудың ежелгі жазбасы деп емес, жай суреттер ретінде қарастыру әдіснамалық тұрғыдан дұрыс деп санайды. Егер де бұл жазбалар ғылыми тұрғыдан рассталатын болса, ол айну халқының тарихы мен мәдениетінде үлкен рөл мен маңыздылыққа ие болады.

Жоғарыда атап өткендей, айнулықтарда жазба болмағандықтан ғалымдар өз нұсқауларын ұсынған. Айну тілінің алғашқы жазбалары (кириллицада) орыс саяхатшыларымен жазылған; алфавитті 18 ғасырдың екінші жартысында Санкт-Петербургте, Императорлық ғылым академиясы жүйеге келтіріп, қолдануға ұсынды. 19 ғасырдың соңында ағылшын миссионері Джон Бэйчелор айну тілінің өз нұсқасын жазып, кейін сол тілде кітаптарды шығарды. Қазіргі уақытта жазуда катакана мен латын әріптері қолданылады. Тіпті Айну катаканасына арналған спецификалық ЮНИКОД бар.

Қазіргі күнге дейін ғалымдар бұл сұраққа нақты жауап бере алмайды. Біреулер теорияны қолдаса, басқалары олардың ойларымен келіспейді. Алайда егер ғалымдар зерттеуде нүкте қойса, ол тек ғылыми әлемге емес, сонымен бірге айнулықтардың лингвистикасына үлкен үлес болады.

Қолдалынған әдебиеттер тізімі

1. Акулов А.Ю. Методы отделения письменности от других систем графического фиксирования информации // IV Межвузовская научная конференция студентов - филологов 9 - 13 апреля 2001, СПбГУ, СПб, 2001
2. Fujitani, T. (1993). *Inventing, Forgetting, Remembering: Toward a Historical Ethnography of the Nation-State*. In H. Befu (Ed.), *Cultural nationalism in East Asia : representation and identity* (pp. 77-106). Berkeley: University of California.
3. Hamada, T. (2010). *Ainu Times*, Retrieved from <http://www.geocities.jp/otarunay/taimuzumi>
4. Hasegawa, O. (2008). *Sinrit Mosir Koicarpa he no michi* (The path towards conducting ceremonies for our ancestors). In Tokyo Ainushikenkyukai (Ed.), *Tokyo Icarpa he no michi* (The path to ancestral ceremonies in Tokyo). (pp. 7-38). Tokyo: Gendai kikakushitsu.
5. Hough, D. A. (2009). *UN declaration on the right of indigenous peoples: applications for MLE from Nepal to Bolivia and Beyond*. *Indian Folklife*, 32, 6-10.
6. Kaizawa, T. (1998). *Ainu no sakebi* (A call by the Ainu). In M. Ogawa & S. Yamada (Eds.), *Ainu minzoku no kindai no kiroku* (A record of Ainu people in modern times) . Tokyo: Sofukan.
7. Kano, Y., & Hirose, K. (2008). *Kaitakushi ni yori Tokyo de no Ainu Kyoiku* (Ainu Education in Tokyo conducted by the Colonization Commission). In Tokyo Ainushienkyukai (Ed.), *Tokyo Icarpa he no michi* (pp. 39-142). Tokyo: Gendai kikakushitsu.
8. Kato, N. (1980). *Hokkaido sanken ikkyokujidai no tai Ainu seisaku to sono jitsujō* (Ainu Policy and the Actual Situation in the Era when Hokkaido had Three Prefectures). *Hokudai shigaku*, 20, 14-26.
9. Kayano, S. (2010a). *FM Pipaushi Homepage*. Retrieved from <http://www.alpha-net.ne.jp/skayano/menu.html>